«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданының білім бөлімінің» «Шапағат» бобекжай- бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ №1 ХАТТАМАСЫ

28.10.2026 жыл

Қамқоршылық кеңес төрайымы: Каргашева Маржан Қайратовна

Хатшы: Абдуалиева Мадина Кемелбекқызы

Қатысқандар: меңгеруші, әдіскер, педагог- психолог, шаруашылық меңгерушісі, қамқоршылық кеңес мүшелері.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Мектепке дейінгі ұйымның 2026–2027 оқу жылына Қамқоршылық кеңесін сайлау туралы.
2. МДҰ Қамқоршылық кеңесі құрамының тізімін қалыптастыру.
3. МДҰ Қамқоршылық кеңесінің төрайымы мен хатшысын сайлау.
4. Қамқоршылық кеңестің 2026–2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын әзірлеу туралы.

МӘСЕЛЕЛЕРДІ ТАЛҚЫЛАУ БАРЫСЫ

Бірінші мәселе бойынша:

Тыңдалды: бөбекжай- бақша меңгерушісі М.Есимова.

Меңгеруші қатысушыларды Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 1 наурыздағы №56 бұйрығымен бекітілген Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың және оны білім беру ұйымдарында сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларымен таныстырды.

Қамқоршылық кеңестің негізгі мақсаты – мектепке дейінгі ұйымның тәрбиеленушілеріне қолайлы жағдай жасауға, ұйымның қызметін жетілдіруге, ата-аналар мен педагогтер арасындағы өзара ынтымақтастықты нығайтуға ықпал ету екендігі түсіндірілді.

Меңгеруші Қамқоршылық кеңес мүшелерінің құқықтары мен міндеттеріне, кеңес жұмысының негізгі бағыттарына тоқталды.

Сонымен қатар Қамқоршылық кеңес құрамына ата-аналар, жергілікті атқарушы органдардың, үкіметтік емес ұйымдардың және басқа да ұйымдардың өкілдері енгізілуі мүмкін екендігі айтылды.

Қамқоршылық кеңес мүшелігіне кандидаттарды ұсыну және олардың жазбаша келісімдерін алу қажеттігі түсіндірілді.

Қатысушылар тарапынан ұсыныстар тыңдалды.

Екінші мәселе бойынша:

Тыңдалды: бөбекжай- бақша әдіскері Г.Аманова.

Әдіскер Қамқоршылық кеңестің құрамына ұсынылған кандидаттар туралы ақпарат беріп, олардың кандидатураларын қарауға ұсынды.

Талқылау барысында Қамқоршылық кеңестің құрамына ата-аналар арасынан 4 адам, жергілікті атқарушы орган өкілі 1 адам, қоғамдық ұйым өкілі 1 адам және басқа да өкілдер енгізу ұсынылды.

Ұсынылған кандидаттар Қамқоршылық кеңес мүшелігіне өздерінің келісімдерін білдірді.

PDF Scanner

Қатысушылар ұсынылған кандидатураларды талқылап, Қамқоршылық кеңестің құрамын бекітуге ұсынды.

Үшінші мәселе бойынша:

Тыңдалды: «Күншуақ» тобының ата-анасы Н.Куракбаева сөз сөйледі.

Ол Қамқоршылық кеңесінің төрайымы қызметіне Каргашева Маржан Кайратовнаның кандидатурасын ұсынды.

Қамқоршылық кеңесінің хатшысы қызметіне Абдуалиева Мадина Кемелбекқызының кандидатурасын ұсынды.

Ұсынылған кандидатуралар қатысушылар тарапынан қолдау тауып, ашық дауыс беруге ұсынылды.

Дауыс беру нәтижесі:

«Қолдады» – 11 адам.

«Қарсы» – жоқ.

«Қалыс қалды» – жоқ.

Дауыс беру қорытындысы бойынша ұсынылған кандидатуралар бірауыздан қолдау тапты.

Қамқоршылық кеңес мүшелігіне үміткерлердің жазбаша келісімдері хаттамаға қоса тіркелді.

ШЕШІМ:

1. **«Шапағат» бөбекжай- бақшасының 2026–2027 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңесінің құрамы төмендегідей бекітілсін:**
2. Каргашева Маржан Кайратовна – Қамқоршылық кеңесінің төрайымы;
3. Абдуалиева Мадина Кемелбекқызы – Қамқоршылық кеңесінің хатшысы;
4. Керимбаева Зарина Ауелбековна – жергілікті атқарушы органның өкілі;
5. Ахметов Марат Мекентасович – қоғамдық ұйымның/ҮЕҰ өкілі;
6. Куракбаева Назерке Саугембекқызы – ата-аналар өкілі;
7. Рахметова Ақнарал Абдуллақызы – ата-аналар өкілі;
8. Алжанов Айбар – ата-аналар өкілі.
9. Қамқоршылық кеңесінің шешімдері ашық дауыс беру арқылы қабылдансын.
10. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері «28.01.2025 жылғы №8» МДҰ Жарғысымен, Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыруға қатысты нормативтік-құқықтық құжаттармен таныстырылсын.
11. Қамқоршылық кеңесінің 2026–2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспары әзірленіп, келесі отырыста қарауға және бекітуге ұсынылсын.
12. Қамқоршылық кеңесінің отырыстары қолданыстағы талаптарға сәйкес жүйелі түрде өткізіліп отырсын.
13. Қамқоршылық кеңесінің хатшысы кеңес отырыстарының хаттамаларын уақытылы рәсімдеп, қажетті құжаттамалардың жүргізілуін қамтамасыз етсін.

PDF Scanner

14. Осы шешімдердің орындалуын бақылау Қамқоршылық кеңесінің төрайымы М.К.Каргашевага жүктелсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:
_____ / Каргашева М.К. /
Қамқоршылық кеңесінің хатшысы:
_____ / Абдуалиева М.К. /

PDF Scanner